

## Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 25 қараша N 530-е

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан Қарашөңгел мемлекеттік аң аулау шаруашылығында Түрген өзенінде болған табиғи зілзаланың зардаптарын жоюға арнап Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасына төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 1,5 млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 262 өкімі 1-тармағының үшінші абзацындағы "10,0 (он) миллион теңге" деген сөздер "4,286 млн. теңге (төрт миллион екі жүз сексен алты мың теңге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 354 өкімінің екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда берілсін;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 165 (жүз алпыс бес) млн. теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы үшін Курчатов қаласындағы және Алатау поселкесіндегі реакторлық қондырғыларды техникалық және физикалық қорғауды күштейтуге және ядролық объектілерді халықаралық талаптарға сай келетін инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтауға арнап 123 (жүз жиырма үш) млн. теңге бөлінсін".

Премьер-Министр